

Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданындағы "Өскемен орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне отырғызу материалын өсіру үшін берілетін жер учаскесі тұстамасындағы атауы жоқ бұлақтың су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуін және оларды шаруашылыққа пайдалану режимін белгілеу туралы

Шығыс Қазақстан облысы әкімдігінің 2019 жылғы 5 желтоқсандағы № 422 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 10 желтоқсанда № 6368 болып тіркелді

### З Қ А И - н ы ң                    е с к е р т п е с і .

**Күжаттың мәтінінде тұпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексінің 39, 116, 125, 145-1-баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына сәйкес, бекітілген жобалық құжаттама негізінде және су объектілерін тиісті санитарлық-гигиеналық және экологиялық талаптарға сәйкес күйде ұсташа мақсатында, жер үсті суларының ластануын, қоқыстануы мен сарқылуын болғызбау, сондай-ақ өсімдіктер мен жануарлар дүниесін сақтау үшін, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

#### 1. Мыналар:

1) осы қаулыға қосымшаға сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданындағы "Өскемен орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне отырғызу материалын өсіру үшін берілген жер учаскесі тұстамасындағы атауы жоқ бұлақтың су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуі;

2) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданындағы "Өскемен орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне отырғызу материалын өсіру үшін берілетін жер учаскесі тұстамасындағы атауы жоқ бұлақтың су қорғау аймағы аумағында шаруашылыққа пайдаланудың арнайы режимі және су қорғау белдеуі аумағында шектеулі шаруашылық қызметі режимі белгіленсін.

2. Шығыс Қазақстан облысы табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы бекітілген жобалық құжаттаманы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген құзыретіне сәйкес шаралар қабылдау үшін Алтай ауданының әкіміне және мемлекеттік жер кадастрында есепке алу және су қоры мен жер ресурстарының пайдаланылуына және қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру үшін арнайы үәкілетті мемлекеттік органдарға тапсырысын.

3. Облыстың табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

- 1) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін құнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесінің облыс аумағында таралатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберілуін;
- 3) осы қаулының ресми жарияланғаннан кейін Шығыс Қазақстан облысы әкімінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің агроОнеркәсіптік кешен мәселелері жөніндегі орынбасарына жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Шығыс Қазақстан облысының әкімі

Д. Ахметов

## "КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы министрлігі

Су ресурстары комитетінің

Су ресурстарын пайдалануды реттеу

және қорғау жөніндегі Ертіс бассейндік

инспекциясының басшысы

К. Баймағамбетов

2019 жылғы "\_\_\_"

Шығыс Қазақстан облысы  
әкімдігінің

2019 жылғы "05" желтоқсандағы

№ 422 қаулысына  
қосымша

**Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданындағы "Өскемен орман шаруашылығы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне отырғызу материалын өсіру үшін беріletін жер участкесі тұстамасындағы атауы жоқ бұлақтың су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуі**

Су объектісі, оның участкесі	Су қорғау аймағы			Су қорғау белдеуі		
	Ұзындығы, км	Ауданы, га	Ені, м	Ұзындығы, км	Ауданы, га	Ені, м
1	2	3	4	5	6	7
Карастырылып отырған тұстама шегіндегі атауы жоқ бұлақ (он жағалау)	0,77	13	130-320	0,77	2,7	35

Ескертпе:

Су қорғау аймағы мен су қорғау белдеуінің шекаралары мен ені бекітілген жобалық құжаттаманың картографиялық материалында көрсетілген.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК